



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 15 тамыз

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және сақтандыру қызметі, бағалы қағаздар нарығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қолданысқа енгізу мерзімдері туралы

2018 жылғы 2 шілдеде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және сақтандыру қызметі, бағалы қағаздар нарығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №166-VI Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) қабылданды, ол 2018 жылғы 15 шілдеде қолданысқа енгізілді.

Заң халық пен бизнес үшін сақтандыру қызметтерінің қолжетімділігін, сапасын арттыруға және құнын төмендетуге, сақтандыру қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғауға, сондай-ақ қор нарығын жандандыруға бағытталды.

Заң қолданысқа енгізілген сәттен бастап мыналар:

- көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттары бойынша жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін сақтандыру төлемдерін арттыру;

- зейнетақы аннуитеті шарттары және өндірісте зардап шеккен қызметкерлер мен олардың асырауындағылардың пайдасына жасалған аннуитет шарттары бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру;

- тараптардың сотқа өтініш жасау құқықтарын сақтай отырып, барлық міндетті және ерікті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру дауларын сақтандыру омбудсманьның қарауы;

- сақтандыру нарығына қатысушылардың айқындылығын арттыратын қадағалау сипатындағы заңнамалық түзетулер;

- қор биржасының функционалын кеңейту;

- брокерлік ұйымдардың биржалық валюта нарығындағы сауда-саттыққа тікелей жіберу және брокерлік ұйымдардың банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензияларды алу мүмкіндігі;

- рұқсат ету рәсімдерінің мерзімдерін қысқарту және бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары Ұлттық Банкке ұсынатын есептілікті оңтайландыру;

- қор нарығындағы әкімшілік жауапкершілік шараларын оңтайландыру;

- инвестициялық қорларды құруға, қайта ұйымдастыруға және жұмыс істеуіне қойылатын талаптарды ырықтандыру көзделеді.

Заңмен 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап мынадай түзетулер енгізіледі:

- онлайн-сақтандыруды енгізу және сақтандыру компанияларының интернет-ресурстары арқылы сақтандыру шартын жасауға мүмкіндік беретін электрондық нысандағы сақтандыру полисінің заңдылығын бекіту;

- туроператордың және турагенттіктің жауапкершілігін міндетті сақтандырудың орнына, шетелге шығатын туристің өмірі мен денсаулығын міндетті сақтандыруды енгізу;

- Бірыңғай тіркеушінің және Орталық депозитарийдің қызметін біріктіру;
 - Сараптау комитетінің бағалы қағаздар нарығындағы айла-шарғы мәселелері жөніндегі қызметін құру және қамтамасыз ету бойынша өкілеттіктерді қор биржасынан Ұлттық Банкке беру;
 - мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарды шығаруға, орналастыруға және өтеуге байланысты рұқсат ету рәсімдерін оңтайландыру;
 - бағалы қағаздар нарығында ақпаратты жария ету жүйесін жетілдіру;
 - акционерлердің жалпы жиналысын өткізу рәсімдерін жетілдіру;
 - акционерлік қоғамда ішкі корпоративтік қайшылықтардың алдын алу және жосықсыз іс-әрекетке қарсы іс-қимыл;
- Заңда 2019 жылғы 1 шілдеден бастап мыналар көзделеді:
- бағалы қағаздардың биржадан тыс нарығының ықпалдастырылған ақпараттық жүйесін құру;
 - қоғам акциялары бойынша акционерлік қоғамның дивидендтер төлеу тәртібін оңтайландыру.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:
+7 (727) 704 585
e-mail: press@nationalbank.kz
www.nationalbank.kz